

ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСТАРЫ

Жамбыл бірінші қадамда домбырамен мұң бөліскен күннен-ақ елмен, еңбекші жұртшылықпен бірге болды. Сондықтан да Жамбылдың сөз қылғаны - әлеумет сыры, әлеумет жыры. Жамбылдың айтысы да осы орайда.

Бүгінгі таңда Жамбылдың бір томдық толық жинағына кіріп отырған әзірше бізге мәлім айтыстарының саны он бір. Оның біразы жай-жапсарды сөз етіп, дидактасу болып келген. «Бақтыбаймен танысу», «Майкөтпен дидактасу» деп аталатындары - осы бағыттағы өлеңдер. Мұнда ақындар айтыспайды, ел жайын, өз жайларын сөз етіп, сыпайы тіл, жарқын шыраймен тарқасады. Бұл шын мағынасында айтыс емес, ақындардың әдеттегі жолығып, дидактасуынан туған өлеңдер. Бұлардың көлемі шағын, серпінді пікір толқыны шамалы.

Жамбылдың іргелі, кәделі айтыстары қазақтың айтыс өлеңдерінің қорына асыл қазына енгізді. Айтыстарын әлеумет өмірін бейнелеуге арнаған Жамбыл қоғам өміріндегі келімді, келімсіз көріністі қиядан шалды, жайлауға кең ой өлкесінен тереңдеп толғап, соны пікірлер айтты.

Жамбыл жиырма жеті жастағы албырт жігіт күнінде Айкүміспен айтысқанда, ескі салт бұғауындағы жастардың мұңын толғайды. Жастар атынан сөйлейтін кейіпкер - Айкүміс пен Жамбылдың өзі. Айкүмісті мал берген бір жаман сырттан иемденіп жүрсе, Жамбылдың алып қашып келген сүйіктісін ру арасындағы қым-қиғаштан ығысқан Сарыбай би төркініне қайтарып берген екен. Екі ақынның да көңіліндегі жара - жанына жағымды жар таба алмай жабығушылық. Сондықтан айтыс Айкүміс пен Жамбылдың мұңдасуымен бітеді.

«...Жақсы сөз жан семірттер» деген бар ғой,
Әдепті мінездерің жүрсін ойда, -

деген Айкүміске Жамбыл:

Айкүміс, амалым жоқ, қош ендеше,
Кетелік сыр білдірмей жат пендеше...
Атыңды, ақ жүзіңді ұмытпаспын
Кеудемнен қашан менің от сөнгенше, -

деп, сөзін доғарады.

Революцияға дейінгі шығармалары түгел сақталмағандықтан, дара мұңдылардың күйін шерткен Жамбылдың қоғам мүддесін қозғауға көшу

жолындағы сатыларын шолу, іздеу қиын. 1888 жылы Құлмамбетпен айтысқанда, Жамбыл Албан, Дулат елінің қоғамдық қалпын, сырын, жақсылық, жамандығын ой таразысына салып салмақтай білетін әлеуметтік ақын болып көрінеді. Әрине, мұндай дәрежеге Жамбыл бірден жеткен жоқ. Ел деген не, оның несі түзу, несі қисық, кімнен жирену, кімді үлгі ету керек деген өмірдің қиын сұрауларына өз тәжірибесіне, ел тарихына мирас болып келе жатқан тума данышпандыққа сүйеніп жауап беру, өз бетімен ой тұжыру нәтижесінде жетті.

Алыстан сермеп қоғам мүшесінің бесігін тербеген Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы, Сарыбаспен, Досмағанбетпен өткізген айтыстары сол кездегі көп айтыстардың асқар тауындай, елді, елдің ерін сипаттайтын зор оқиғалы, эпостық шығарма дәрежесіне жетеді.

Елді, елдің ерін сипаттауға аталған үш айтыс өрге жетелейтін үздіксіз саты сияқты. Құлмамбетпен айтысқанда Жамбыл елдің егжей-тегжейін айта келіп, Сұраншы, Сауырық батырлар ел мақтанышы деген пікірлерге даралап тоқтайды. Сарбаспен айтысқан жолы Сұраншы, Сауырықтың ел қорғаны болғанын саралап айтады. Сыпатайдың батырлығын сөз қылады. Досмағанбетпен айтысқанда Жәкең ел ерлерін шыңға көтерумен қатар, ел салты, еңбек әлемі, тіршілік жабдығына, дін, қожа-молда, шенділерге, әділеттілік, зұлымдыққа тоқтап, көп құбылады, қоғам келбетін кең түрде суреттейді.

Құлмамбет айтыстың қашаннан қалыптасқан сара жолына түсе тартып, қытығына тиіп, бірді мақтап, бірді боқтап, екпінді сөзді қардай боратса да, Жамбыл айылын жимайды, ұстаған бағытынан таймайды.

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай, үйіңе қайт, -

деп, қарсыласып отырған Құлмамбеттің өзін жөнге шақырады.

Жамбылдың пікірінше, адамдық пен ерлік бірлікпен, татулықпен айырылмас жұп. Ел мақтанышы Қарымбайдай жаламыр бай емес, адамшылық ерлік, бірлік.

Сұраншы, Сауырық батырым,
Шеніне дұшпан келмеген.
Ақ кіреуке жамылып,
Ат кетпеген кермеден.
Қамын ойлап халқының,
Тар кезеңде бермеген, -

дейді Жамбыл Құлмамбетке. Жамбыл әрдайым батырлықпен тетелес бірлікті дәріптейді. Сарыбаспен айтысқанда:

Етімде бар тірлігім,
Бойымда бар бірлігім, -

деп мақтаныш етеді. Жамбылдың батырлықты айтысқа арқау етуі артқа алақтап, көне заманғы дүбірлі жауынгершілікті көксеу емес, мәдениет сатысына қадам басқан жұрттың, таңнан тартқан көршілес елдердің жыртықшытарына қарсы халықтың қайратын шыңдау мақсатымен істеген әрекеті екені байқалады.

Жамбыл - айуаншылыққа қас, адамшылыққа келгенде бар елге құшағын жайған адам. Ол өзін қырғыз-қазаққа ортақ ақынмын деп қарайды. Батырлықты мадақтай отырып, Жамбыл алғаш гүл шешек ата бастаған алдыңғы заманның өрге жетелер сенімі өнер, өнерлі жандар, орыс халқымен ынтымақтасу, орайласу екенін қат-қабаттың арасынан асқан алғырлықпен таниды.

Біздің елдің адамы өнері асқан,
Өнерімен талайдың көңілін басқан.
Жерді көрген, ел көрген, қала барған,
Бір кем емес байыңнан асып-тасқан.
Алматының шаһарында
Көк күмбез үйді салдырған,
Арғы шетін айтайын -
Қызылжар мен Семейден,
Мына шетін айтайын –
Ташкент пен Наманған,
Әндіжан мен Марғұлан
Ақша деген неменді
Қапқа салып алдырған
Жігіттер бар жетілген,
Орыс-қазақ ұйым боп,
Тізе қосып бекінген.

(Құлмамбетпен айтысынан)

Мінеки, Жамбылдың батырлықты мадақтауы көне заманның күңгірт бұлдырын қармап, жазы өткенді жаңғыртам деу емес, орыс, қазақ баласының жұбын қосуды, тізе қосып бекіне іс етерліктей дәрежеге кіруді, көз талдырар көк күмбезді үй салдырарлық өнерге басқан ұлы сапарда жол тонаушыларға пәрменді күш ұйымдастыруды арман етіп отырады.

Ақындық дарыны дария толқындай, тынысы кең, серпіні күшті, қажыры мол Жамбыл айтыста өзін еркін ұстайды. Шалшық жағалап, жапырақ жамылып, жарға өрмелеп жан сауғалауды, не бәсекелесін жеңуді ғана

көздемейді, өлеңнің айдынын ашып, ой түйінін халық алдында жарқыратып тастау әрекетінде болады. Ел шебі, ел тірегі батыр мен өнер иелерін мадақтаған Жамбыл ел денесінен арылмай жүрген кінарат сарсықтың да бетін жасқанбай ашады. Елдің таза тәнін шағатындар – молда, қожа, би-болыс, шенділер.

Сен сықылды молдалар,
Бетіне ұстап құранды,
Өтірік айтып ел алдап,
Тартқан қисық ұранды.
Арайын оқып ышқынып,
Ауырға дем үшкіріп,
Молдалар ұқсас жыланға.
...Жалақор деп айтамыз
Жұртына бүлік салғанды.
Би мен болыс, бай, манап,
Пристав, князь, чиновник
Шулатып бала-шағанды, -

деп, Досмағанбетпен айтысында зұлымдық етіп жүргендердің көздерін бадырайтып әшкерелеп береді. Айтыстың қызды-қыздысына түсіп, үстемдерді мадақтап, жеңу мақсатымен ел бетіне тырнақ ұстынған Досмағанбетті Жамбыл сөгіп, жерге қаратып тастайды.

Есеңгіреп жүрмесең,
Елді неге даттайсың!
Екі жүзді болмасаң,
Байды неге мақтайсың?
Қайыры көпке тимеген,
Жарлы-жалшы сүймеген
Ханды неге мақтайсың?! –

дейді ол Досмағанбетке.

1909 жылы Алматының байы Байбұланның үйінде Шашубаймен айтысқанда да Жамбыл жебір болыс, содыр әкімдерді тіл найзасының ұшына алып отырады. Мәжілістегі Бақия деген тілмаш ақынның өткір тіліне төзбей жанжал шығарып, айтыс үлкен керіспен бітеді.

1909 жылдан кейін Жамбылдың үлкен айтысқа түскені білінбейді, ел ағасы ауызы дуалы ақылгөй болып, өнегелі сөз айтуға көшеді.

Тек он жылдан соң, 1919 жылы Жаныс еліне қонақтап отырып Жамбыл Нұрида деген ақын келіншекті шақырып алып, жанындағы ақындармен айтыстырады. Босанғанына үш-ақ күн болса да, Жамбыл шақырған соң, келіп,

айтысқа түскен Нұрила он бір ақынды түгел жеңіп, төрелікке жүгініп, сөз аяғын Жамбылға тастайды.

Тосаңсып қалған кәрі тарлан топты көрген соң бүйірі қызып, кес-кестеп бірнеше рет Нұриланьң алдын кесіп өтсе де, келіншек арқалы ақын, абыройлы ағаны сыйлап, ұятты аттамайды.

Мен түгіл ат үркеді атағыңнан,
Озған басып жүйріксің қатарыңнан...
Даусыңды неше қимыл әсемдейсіз,
Желдетіп дауылыңнан бәсеңдейсіз.
Сіздің бетке мен қарсы тұра алмаймын,
Әлдилеп алдына алған әкемдейсіз, -

деп, Нұрила сыпайылықпен сөзден басын арашалап алады. Жамбыл риза болып, бата беріп, қоя береді.

Айтыс асуын аттап, төрелік айту дәрежеге жеткен Жамбыл бұдан соң айтысқа түспейді, ұзақ өмір бойына аңсаған ерлікті де, бірлікті де совет тұсында тауып, шалқып, тасып, өлең-жырды дариядай ағызады.

Көкірегі сергек ел ойшысы, тілі жүйрік ел жыршысы Жамбыл революциядан кейін көлденеңнен қосылған адамдай күртікке тіреліп, соныға малтыққан жоқ, ғасыр бойы аңсаған халық арманының нысанасын социализм елінен тауып, қуанышпен, тыңнан ой бұлағының көзін ашып, қарт қыран аспанға шалықтап, елінің жеңіс үнін әлемге шашты.

Ілгеріде Шөже, Балта заманда өткен,
Асекең, Бұқар жырау арманда өткен.
Солардың аруағы маған қонып,
Ел мұңын жырмен толғап нәсерлеткем, -

деген еді Жамбыл 1902 жылы Досмағамбетпен айтысқанда.

Мұңды заманда ел еңсесін көтеріп, адамгершілікті жырлаған Жамбыл жер жұмағының есігін ашып, адамгершілік туын асқақтатып көтерген совет елінің тума ұлы болуы табиғи нәрсе. Бұған Жамбыл айтыстарының тарихи бағыты, эволюциясы дәлел.

Дереккөз:

Нұртазин Т. Сөз құдіреті. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 128 бет.